

Қ.С.Мусин

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: mkuat80@mail.ru)*

## **Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасының шет елдермен әскери саладағы серіктестігі**

Мақалада Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялап, әлем қауымдастығына толыққанды мүше болуына байланысты өзінің мемлекет ретінде қалыптасуын нақты жағдайда бекіту тікелей мемлекеттік саясатқа да байланысты болғаны жайлы сөз етілді. Автор қазіргі кезеңдегі нарықты экономиканың қалыптасуына байланысты бүгінгі күннің талабына жауап беретін көп қырлы саясатты ұстану қажеттілігін атап көрсетті. Сонымен қатар ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі әскери саясатты Қарулы Күштердің негізгі құрамаларынан, олардың қалыптасуы Мемлекеттік территориялық тұтастығы мен Шекарасының бұзылмауына байланысты әр түрлі салада ынтымақтасуды талап ететіні де тілге тиек етілді.

*Кілтті сөздер:* қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздік, әскери саясат, әскери қауіпсіздік, әскери ынтымақтастық, әскери серіктестік.

Қазақстан әлемдік қауымдастықтың мойындауына ие болған қазіргі заман талаптарына жауап беретін, негізінен нарықты экономиканы, саяси және әлеуметтік жүйені жасауды аяқтап, мемлекет болып құрылуы мен нығаюының күрделі кезеңін сенімді жеңіп өтіп, өзінің жаңа тарихының екінші он жылдығын аяқтауға қадам басты. Алайда ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бөлігін қамтамасыз етудің бірі және оның негізгі компоненті қарулы күштерінің араласуынсыз мүмкін болмайтын әскери қауіпсіздік болып табылады. Ал өзінің әскери күшін қалыптастыру тәуелсіз мемлекетті нығайтуда, оның шекарасының және территориялық тұтастығын бұзылмауының қажетті шарты болды. Тәуелсіз мемлекетті құрудың күрделі саяси және халықаралық қарым-қатынастың түбегейлі өзгерісі жағдайында Республика басшылығы тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатында барлық мүмкіндіктерді жасауда. Кеңес Одағы құлағаннан кейін Қазақстан басшылығымен бұрынғы кеңестік кеңістіктің жаңа тәуелсіз елдерінің әскери күштері бір-біріне қақтығыста болуына жол бермеуге ұмтыла отырып, біріккен күштерді сақтап қалуда айтарлықтай әрекет жасалған болатын.

Н.Ә.Назарбаев «ТМД Біріккен қорғаныс күштерін сақтауға Қазақстанның ұмтылғанына қарамастан, Достастықтың жеке мүшелерінің шынайы әрекеттері Ерікті қорғаныс күштерін жасау кеңістігіне мәселені итермеледі», — деп еске алады [1].

Ресей Федерациясы алғашқы кезеңдерде бұрынғы КСРО Қорғаныс күштерінің үлкен бөлігін ТМД құрамында сақтауға ұмтылды. Алайда 1992 жылдың көктемінде ТМД елдерінің көпшілігі өздерінің жеке қарулы күштерін жасау туралы шешім қабылдады.

Қазақстан Кеңес Одағының құрамында бола отырып, жалғыз ғана шынайы қауіпсіздікке қатер тудыратын Қытай Халық Республикасымен шекаралас болды. Бүгінде Қазақстан Республикасы 5 мемлекетпен шекарасы шектесіп жатыр. Мүмкін болатын ұлттық, сонымен бірге біздің елімізге әскери қауіптілік көбейді. Осыған байланысты жаңа Әскери доктринада Қазақстан Республикасы осы және басқа да сыртқы және ішкі қатерлерді ескереді. Сол сияқты ТМД оңтүстігінде республиканың шекарасынан тікелей жақын маңда әскери ошақтардың, оның территориясына экстремистердің қарулы топтарының, халықаралық террористердің кіру мүмкіндігін жоққа шығармайды. Қазірде жақын елдердің әскери қуатының сапалы және көлемдік өсуі нәтижесінде аймақтық тұрақтылықтың әлсіреу мүмкіндігі де орын алуда. Осылардың ішіндегі кейбірінде жаппай қырып жоятын қарудың болуы және жаңа әскери технологияны әзірлеу мен оның таралу қауіпін туындатуда. Орталық Азия аймағында мұндай қару түрлерінің террористер қолына түсу мүмкіндігі бар [2]. Осымен байланысты Қазақстанға мемлекет шекарасын нығайтуға және бейбіт тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне көп көңіл аударғаны жөн.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабы 3-тармақшасында: «Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне,

сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады» [3], — деп айқын бекітілген.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері өзінің реформа жүргізуін жалғастыруда. Оның басты мақсаты жақсы жарақтанған, нақты кедергілерге жауап беретін және потенциалды әскери қауіптен мемлекеттің өміріне маңызды ұлттық мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге қабілетті жоғары серпінді Қарулы Күштерін құру болуып табылады.

Осы мақсаттағы жаңа Әскери доктринада Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін негізгі мақсаттарымен және әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерімен, сондай-ақ мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктерін есепке алумен сәйкес кезеңдермен іске асырылатындығы көрсетілген. Бірінші кезең барысында 2002 жылға дейін келесі басты міндеттерді шешуге күштер шоғырланған болатын:

- іріктеу арқылы жасақталған құрамаларды материалды-техникалық қамтамасыз ете отырып, ұтқыр әскер дайындау;
- әскери басқару органдарының құрылымын қайта құру, бірін-бірі қайталаушы және тиімсіз құрамаларды жою;
- әскери дайындыққа және соғысқа қабілеттілікке және әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін орындауға әсер етпейтін құрылымдар мен құрамалардың санын қысқарту мен жою;
- әскери-территориялық құрылымға және әскери-әкімшілік басқаруды жасауға көшу;
- кейбір әскери лауазымдарды азаматтық қызметкерлер орнымен басу бойынша шараларды іске асыру;
- әскери бөлімдерді, әскерлер мен әскери техниканы еліміздің территориясында тиімді орналастыру бойынша шараларды қабылдау.

Қарулы Күштерді жарақтау мен оқыту, сонымен бірге тәжірибелі офицерлік мамандарды сапалы дайындау армияның негізгі мәселелеріне жатады. Қорғаныс министрлігі Қазақстанның Қарулы Күштерін жасақтау үдерісін сын тұрғысынан сипаттады. Онда: «Қарулы Күштерде түбегейлі өзгерістер жүргізілмеген деп санайды. 15000 км жуық құрайтын территориямыздың орасан үлкен өлшемдері мен шекарамыздың периметрлерінде әскери бөлімдерді пайдалы орналастыру және еліміздің әскери қауіпсіздігіне ең мүмкін деген қауіптерді болдырмауды есепке алумен байланысты шаралар қабылдауда, сондай-ақ Қарулы Күштердің құрылымын жетілдіру мен геосаяси жағдайдың өзгеруіне олардың бейімделуі бойынша тиімді зерттеушілік жұмыстардың жоқтығын көрсетті», — деп жазылған [4].

Осылармен байланысты Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалаудағы тәжірибелік әрекетімен 2000 жылы әскери-территориялық құрылымға көшу болды.

Кейін Орталық Азиядағы болып жатқан әскери-саяси жағдайдың өзгерістеріне байланысты, сонымен бірге әскери-территориялық құрылымға көшу мақсатында және әскери-әкімшілік басқару органдарын жасау барысында әскери округтар «Шығыс», «Оңтүстік», «Батыс» және «Астана» аймақтық басқаруға қайтадан құрылған болатын. Жаңа стратегиялық басқару органы — Штабтар комитеті жасалды. Бұл өзгерістердің нәтижесі барысында әскерлерді сапалы жақсарту, әскери құрылыс саласында әлемдік тәжірибені есепке алумен оларды қолдануда келісімділік болуы тиіс [5].

Екінші кезеңнің негізгі міндеттері 2005 жылдың соңына дейін жүзеге асқан. Оларға:

- әскер байланысын, барлауды, радиоэлектрондық күрес, әуеде қарсы қорғаныс, азаматтық әуе техникасын дамыту мен техникалық қайта жарақтау;
- Қарулы Күштерді толықтыру жүйесін жетілдіру, келісім-шарттық қызметтегі әскери қызметкерлер санын арттыру;
- қорларды жедел дайындау жүйесін қалпына келтіру;
- әскери инфрақұрылымды дамыту;
- ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарлама негізінде Қарулы Күштер үшін мамандар дайындау жүйесіне көшіру;
- Қарулануды және әскери техниканы дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша шаралар кешенін жүргізу болып табылады.

Үшінші кезеңде, 2005 жылдан кейін, Қазақстан Қарулы Күштерін құру мен реформалаудың келесі негізгі міндеттері белгіленді:

- Қарулы Күштер түрлерінде, әскер түрлері мен арнайы әскер құрамында толықтай толықтырылған бірлестіктер мен бөлімдердің меншікті салмағын ұлғайту жолымен әскердің сапалық көрсеткіштерін жоғарлату;
- Қарулы Күштерді келісім-шарт бойынша толықтыруды, әскерге шақыру бойынша қызмет мерзімін қысқартуды, балама қызметті енгізу мен ауқымды ресурстарды дайындау жүйесін жетілдірумен (әскери қызметкерлердің 85 % дейін келісім-шарт негізінде алынатын болатындығы алда тұр) үйлесімділікте жалғастыру;
- кезең бойынша әскерлерді әскери техникамен және жаңа үлгілік қарулармен техникалық қайта жарақтау;
- жедел, соғыс және әскерді шұғыл дайындықты толыққанды ресурстық қамтамасыз ету [4].

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді іске асыра отырып, Қазақстан өзінің тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығын қолда бар күштермен және құралдарымен қорғауды іске асыру бойынша күрделі мәселені кезең бойынша шешеді. Мысалға, сарапшылар есептеуі бойынша, біздің егеменді ауданымыздың бірлігіне 1/68 әскердің сандық құрамы келеді. Бұл әрбір жауынгер территорияның 68 шаршы км қорғау тиістігін білдіреді. Қытайда, 3,2 млн адамды құрайтын әскер саны, бұл қатынас 1/3,2, АҚШ-та — 1/5,5 теңеседі [6]. Осылайша еліміздің орасан зор территориясын қолда бар күштер мен құралдармен қорғауды іске асыру тәжірибе жүзінде мүмкін болмайды. Алайда территориялы қорғаныс жүйесін, сонымен бірге қысқа мерзімде республиканың кез келген нүктесіне жұмылдыруға қабілетті Қазақстанның аэроұтқыр әскерін жасаумен бұл жағдайдан шығу мүмкіндігі бар. Қорғаныс министрлігінің Ұлттық университетінде офицерлермен кездесуде ҚР Қорғаныс министрі Қазақстанның аэромобильді әскерін құру аяқталды деп мәлімдеді [7].

Қазақстандағы әскери реформалар әлі де түбегейлі жетілдірулерді талап етеді. Ресей генералы В.И.Романенконың ойынша, қазақстандық әскерді қайта бағдарлау үшін, мысалға, батыстық қару үлгісіне, олардың соғыс дайындығына және біздің елімізде қолдану үшін бірнеше млрд доллар қажет етіледі.

Көшпелі кезеңнің күрделілігіне қарамастан, республика басшылығы Қарулы Күштерді құру жолында үлкен жұмысты еңсерді. Бәрінен бұрын, Қарулы Күштер әрекетінің құқықтық базасы жасалған болатын. Қазақстандық әскерді реформалау бойынша барлық әрекеттер бір ғана мақсатты — оны мемлекет қауіпсіздігінің шын кепіліне айналдыруды көздейді.

Бүгінде ТМД форматында ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру туралы идея ұсыныс жасағаннан бастап іске аспағандығын анық айтуға болады.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім-шарттың кейбір аспектілеріне жан-жақты тоқталған жөн. Берілген құжаттың негізгі мазмұны бір мемлекетке қарсы басқыншылық барлық мемлекеттерге — ҰҚК (ДКБ) қатысушыларына басқыншылық сияқты қарастырылады деп жариялаған [8].

Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім-шарттың құрылуы қажетті және негізделген болды. Ол бұрынғы кеңестік кеңістікте тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы жүргенде, ал бірыңғай армияның орнына ұлттық Қарулы Күштер жасалған кезде өте күрделі және қарама-қайшы жағдайларда бірінші кезеңнің өзінде оң рольді атқарды. Ең алғашқыда-ақ кезекпен және қазіргі талапқа сәйкес, сапалы жаңа ұжымдық қауіпсіздік жүйені жасауда принциптік жолды ұстанды. Оларға: жаңа мүшелердің кіруі үшін ашықтық, БҰҰ Жарғысының принциптері мен халықаралық құқықтың іргелі нормаларын, қатысушылардың тең құқығын, қорғаныстық сипатты айқын мақсаттарды ұстану жатады.

ТМД елдерінің қорғаныс министрліктері бірлескен (біріккен) әскери жүйені жасау мен дамыту бойынша шараларды анықтады. Әуеге қарсы қорғаныстың біріккен жүйесінің қызметі сұрақтары ерекше көңіл аудартады: әуеге қарсы қорғаныс бойынша бірлескен әскери кезекшіліктің жүйесін жетілдіру, әуе қозғалысын басқару мен қатысушы-мемлекеттердің әуелік кеңістігін пайдалану тәртібін бақылау, сонымен бірге тиісті ұлттық құқықтық жүйелерді жетілдіруге ерекше назар аударылуда.

Әскери ведомстволар арасында келісілген командалық-штабтық оқу жаттығуларды жүргізу, қарулық үлгілерді және әскери техниканы сынауды жүргізу ТМД қатысушы-мемлекеттердің полигондарын бірлесіп пайдаланудың оң нәтижелігін көрсетті. Сондай-ақ әскери-техникалық ақпарат алмасу жүйесін жасауға және пайдаланудағы қаруларды және әскери техниканы жөндеу бойынша бірлескен кәсіпорындар саласын, сонымен бірге пайдалануды және қарулар мен әскери техниканы жөндеуді метрологиялық қамтамасыз ету орталықтарын (зертханаларын) одан арғы интеграциялау бойынша біршама жұмыстар атқарылды.

ТМД елдерінде жүргізілетін кез келген шараларды ғылыми негіздеусіз халықаралық әскери қызметтестікті одан ары дамыту мүмкін еместігі белгілі. Осымен байланысты әскери-ғылыми қызметтестік саласында негізгі бағыттарды, біздің көзқарасымыз бойынша, келісуші елдердің әскери-ғылыми саясатты қалыптастыру мен іске асыру, әскери ғылыми-зерттеуші мекемелерде, бірлескен сараптамалар мен сынауларды кіргізетін басқа елдің полигондарында ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру бойынша кеңестер жүргізу қажеттігін бар.

Сондай-ақ келесі шараларды бірлесіп игеру ұсынылады:

- бірлескен ғылыми-зерттеушілік бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруда әзірлеу мен қатысуды үйлестіру;
- уақытша және ұзақ мерзімді негізде бірлескен әскери-ғылыми шығармашылық ұжымдарды құруды қамтамасыз ету;
- жеке әскери ғалымдарды және елдердің біріндегі мамандарды тиімді игерілмеген жұмыс орындауға тарту;
- ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрларды дайындау тәжірибесімен алмасу;
- ғылыми және ғылыми-техникалық әдебиеттермен, оқулықтар мен басқада материалдармен алмасу;
- әскери салада қызметтестіктің берілген түріндегі іске асырылатын бағдарламалар мен жобаларды үшінші елдердің әскери оқыту мекемелерінде немесе халықаралық ұйымдарында екі жақты келісім бойынша ғалымдардың, ғылыми-зерттеуші бөлімдер сарапшыларының (ҒЗБ) ғылыми жұмысты регламенттеуші нормативтік құжаттарды жасау тәжірибесін алмасу, бірлескен семинарларды, ғылыми конференцияны, жұмыстық кездесу мен көрмелерді ұйымдастыру, оларға қатысу т.б.

ТМД елдерінің бейбіт тұрғыдағы және антитеррорлық әрекетте, дауларды болдырмау және реттеу саласында негізгі міндеттерінің біріне әскери бақылаушы топтар қызметін және бейбітшілікті қолдау бойынша ұжымдық күштерін, сонымен бірге олардың қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуы, қаржыландыру мен материалды-техникалық қамтамасыз ету сұрақтарын құқықтық реттеуді жетілдіру заман талабына сәйкес келеді.

Мұнан былай әскери бақылаушы және бейбітшілікті қолдау бойынша ұжымдық күштер топтарын толықтыру үшін арналған әскери, азаматтық және полиция қызметкерлерін дайындау жүйесін дамытуда келісушілікке көңіл аударған жөн. Ортақ мүдделерді ескере отырып, БҰҰ, ЕҚКҰ, САТҰ эгидасы астында және басқада халықаралық ұйымдарда әскери құрамды, азаматтық, полиция қызметкерлерін дайындау және қолдану тәжірибелерін жалпылай пайдалануды, сонымен бірге Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бейбітшілікті қолдау бойынша ұжымдық күштердің қызметкерлерін қаржыландыруды, техникалық, психологиялық және тылды қамтамасыз етуді жетілдіру заман талабына сәйкес келеді.

Маңызды аспектілердің бірі болып ТМД елдерінде әскери құрылысты ақпараттық-насихаттауды қамтамасыз етуде әрекеттестігін және олардың әскери қызметтестігін ұйымдастыру, сонымен бірге қорғаныс министрлігінің тарапынан бос уақытта мәдени мекемелерінің мәдени байлықтарға, тарихқа, рухани мұраларға және халықтар дәстүріне және олардың қарулы күштеріне әскери қызметкерлерді қатыстыру мақсатында қызметтестік табылады. Сонымен қатар әскери қызметтестікті дамытудың негізгі түрлері болып ресми түрде қатынасу мен жұмыс кездесулері, қарулы күштерді дайындау бойынша бірлескен шаралар, инспекциялық әрекеттерді жүргізу сұрақтары мен халықаралық келісім-шарттар және қарулануды бақылау саласында келісушілік шеңберінде ТМД қатысушы-мемлекеттердің өкілдерінің қатысуы табылады.

Бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу, қарулық және әскери техника өндірістерін жөндеу, жаңарту мен пайдаға асыру, ұлттық қарулы күштерді, бірлескен аймақтық әскери топтарды, бейбітшілік орнатушы және коалициялық күштерді, біріккен әскери жүйелерді техникалық қамтамасыз етуді іске асыру негізгі мүдде болып табылады. Сондай-ақ біріккен әскери-ғылыми зерттеулер, соның ішінде жаңаша әскери технологияны жасау бойынша, әскери қызметкерлерді әскери-ғылыми оқу орнындарында оқыту, әскери-ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау, әскери-ғылыми, әскери-құқықтық, әскери-техникалық және басқа да ақпараттармен алмасу бүгінгі күннің талабы болып табылады.

Материалды-техникалық, қаржылық және әскери қызметтестікті дамытудың басқа да түріне ресурстық қамтамасыз ету, сонымен бірге мақсатты бағдарлама мен оны іске асыру бойынша қатысушы-мемлекеттермен белгіленетін тәртіпте және жағдайларда бірлескен шаралар жатқызылады.

Осы ерекшеліктерден, шешімдерді орындау мен әскери қызметтестікті дамыту бойынша жұмыстардың үйлесімділігі ТМД қатысушы-мемлекеттердің бірлескен және ұлттық қауіпсіздік сұрақтарына келісілген амалдарды өндіруді алдын ала ескерілуі тиіс. Осыған байланысты ол достастық елдерінің ұлттық қауіпсіздігі жүйесін қалыптастыру мен дамыту бойынша мақсаты мемлекеттік және мемлекетаралық кешенді бағдарламаларды әзірлеуді енгізуі тиіс.

Әскери қызметтестік сұрақтары бойынша халықаралық келісімдердің ережелерін, мемлекетаралық бағдарламаларды орындауды, сонымен бірге көп жақты негізде әскери қызметтестікті дамыту бойынша ертеректе қабылданған шешімдердің іске асуын талдау басты міндеттердің бірі болуы тиіс. Әскери қызметтестік шеңберінде қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау, ұлттық деңгейде іске асырылады.

ТМД-ға кірмейтін елдермен әскери қызметтестік зерттелген жылдары өзара тиімді шарттарда және егемендікті құрметтеу принциптерінде, шекараның бұзылмауы, мемлекеттің территориялық тұтастығында, сонымен бірге олардың ішкі істеріне араласпау негізінде қаланды. Достық қатынастарды барлық елдермен өзара тиімді қызметтестік және өзара түсінушілік принциптері бойынша, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін басқа елдердің қауіпсіздігіне нұқсан келтірусіз ұстану, аймақтың әскери саласында және халықаралық дауларды бейбіт реттеуде сенімділік шаралары мен ашықтықты нығайту көзделеді.

Әскери қызметтестіктің принциптерінің бірі болып жаппай қырып жоятын қаруды таратпау, қару-жарақ, әскери техника, әскери және қосарлы арналған технологиялардың сауда нормасын және бұл саладағы келісімдерді сақтау табылады.

ҰҚК қабылданған уақыттан бастап ТМД елдері үшін ортақ сыртқы әскери қауіптілікті тұжырымдау жасалынбады. САТУ Шығысқа кеңеюін Достастық елдердің мүшелерінің көпшілігімен қауіп ретінде қабылдалмады. Орталық-Азиялық мемлекеттер арасында аймақтың территориялық ерекшеліктерінен аймақтағы мүмкін болатын қатерлер сипатын анықтауда елеулі айырмашылықтар болды. Мысалға, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан және жартылай Қырғызстан үшін олар бірінші кезекте Ауғанстанмен байланыстырған, ол уақытта Қазақстан үшін қытай факторы ерекше маңызды болатын. «Талибан» қозғалысынан шығатын қауіп дәрежесін бағалауда айырмашылықтар болды, алайда оның талқандалуынан кейін бұл мәселе айтарлықтай шамада өзінің өзектілігін жоғалтты. ТМД-да аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету және пайда болған қарулы даулардан сақтап қалу мен халықаралық аренада сыртқы саяси жолдағы келісушілік туралы сұрақтарды қамтамасыз ету жұмысы жасалмады. ТМД әскери қызметтестігін үйлестіру бойынша штабта жаңа тәуелсіз мемлекеттердің кейбір басшылары әскери басқарудың ұлттық органын олардың егемендігіне қысым жасаушы сияқты көрді. Көпшілігіне халықаралық террорлықпен күрес ТМД-да әскери қызметтестікке екінші «дем» беруі мүмкін деп танылды. Осылайша, ұжымдық қауіпсіздік жүйесін салудың дәстүрлі схемасы, мемлекеттердің ортақ мүдделері қалыптаса бастағанда, одан кейін осы мүдделерге ортақ әскери қауіптер анықталғанда, оларды реттеу бойынша стратегияны жасап шығарды. Ең соңында Коалициялық қарулы күш келбеті мен құрамы белгіленді. Тұрақты қызмет істеуші орган болып Хатшылық табылады, онда саяси қызметтестікті басқару орталығы бар. Ол сыртқы саяси бағыттың келісушілік сұрақтарымен, ҰҚК мемлекеттер-мүшелерінің халықаралық әрекеттерін үйлестірумен айналысады. Сондай-ақ әскери қызметтестікті басқару, әскери компоненттердің дамуына қатысады, әскери-техникалық қызметтестік сұрақтарымен, әуе шабуылына қарсы қорғаныс, байланыс, барлау және т.с.с. интеграциялық жүйелермен айналысады. Қауіп-қатерлерге қарсы әрекет ету бойынша басқаруда терроризммен, нашақорлық бизнеспен, трансұлттық қылмыскерлікпен күрес сферасында мамандар жұмыс істейді. Осы барлық басқармалар мекеме қызметін қаржыландыруда үлестік қатысуына байланысты квоталық негізде қалыптасады.

Достастық қатысушы-мемлекеттердің Әуе шабуылына қарсы қорғанысты біріккен жүйесі құрылғандығы айтылған болатын (ӘШҚ БЖ). Оның дамуына және ТМД Қорғаныс министрлігі Кеңесінде ӘШҚ сұрақтар бойынша Координациялық комитеттің қызметін қамтамасыз етуге, мұнда Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан, сонымен бірге Украина қатысатын 2003 жылғы екі жақты келісім негізінде 259 млн астам рубль пайдаланылған болатын. Бұл қаражаттар қатысушы-мемлекеттер арасында тепе-тең бөліп таратылды, бұл кезде Ресейдің үлесі 35 млн астам рубльді құрады. 2004 жылы ТМД қатысушы-мемлекеттердің Әуе

шабуылына қарсы қорғанысының біріккен жүйесін дамыту бойынша шараларды жүргізілді, Қазақстан Республикасында әскери дайындық бойынша тамызда Су-27 ұшақтарының және Ми-8 тікұшақтардың экипаждары Қырғызстан Республикасының территориясында жүргізілген «Шекара-2004» біріккен оқу жаттығуына қатысты. 2004 жылдың 4 қыркүйегінен 7-сі аралығындағы кезеңде ТМД қатысушы-мемлекеттердің Әуе шабуылына қарсы қорғанысының біріккен жүйесінің біріккен шараларды жүргізу жоспарынан сәйкес, «Сарышаған» Әуе шабуылынан қорғаныс күшінің әскери дайындық және әскери қолданыс оқу орталығы полигонында «Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша операцияларда ҚР Әуе шабуылынан қорғау күштері бөлімшелері мен әскери атыс құрамаларын қолдануы» тақырыбында тактикалық оқу жаттығуларының ақырғы кезеңі жүргізілді. Бұл оқу жаттығуда ТМД қатысушы-мемлекеттердің Әуе шабуылына қарсы қорғанысының біріккен жүйесінен өкілдік делегаттар Ресей Федерациясының, Әзербайжан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан Республикаларының және Украинаның әскери-әуе күштері мен әуе шабуылынан қорғау күші, сонымен бірге Ресей Федерациясының қорғаныс кәсіпорындары мен мекемелерінің басшылары қатысты. Оларға ТМД Әуе шабуылына қарсы біріккен жүйесінің құрама бөлігі сияқты, Қазақстан Республикасының әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесін жетілдіру бойынша қол жеткізген нәтижелері көрсетілген болатын.

ТМД Қатысушы-елдердің ұжымдық қауіпсіздігі туралы келісім шеңберінде Қазақстан Республикасымен және Ресей Федерациясымен қорғаныс мәселелері бойынша екі жақты келісушілік негізінде алғашқы қадамдар жасалған болатын. Соған дәлел болып 1997 жылдың 14–18 шілде аралығында Самарада ресей-қазақстандық «Редут-97» стратегиялық командалық-штабтық оқу жаттығуда жедел дайындықтың біріккен шаралары жоспарымен сәйкес жүргізу саналады. Онда Ұжымдық қауіпсіздік туралы Ташкент келісіміне сәйкес, әскердің коалициялық топтануын ұйымдастыру мен қолдану сұрақтары енгізілген болатын. Олардың барысында қазақстандық жауынгерлер Қазақстанның әуе шабуылына қарсы қорғаныс есептерінің әуе нысандарын жою кезінде үздік нәтижелерге жетіп, жақсы жағынан өздерін көрсетті.

2001 жылдың 11 қыркүйегінде АҚШ-тағы террорлық актыдан кейін сыртқы саяси жағдайдың өзгеруін талдау ТМД қатысушы-мемлекеттердің Әуе шабуылына қарсы қорғанысының біріккен жүйесінен уақытында құрғандығын айғақтады. Ол мемлекеттерге қауіпсіздік кепілін берумен қатар бүгінде әуе кеңістігінде Достастықтың сыртқы шекарасын қорғауды қамтамасыз етеді. ТМД әуе кеңістігінде ұжымдық қорғанысты қамтамасыз ету мен дамытуға 1996 жылдың 19 қаңтарында қабылданған «Әуе кеңістігін қорғау Концепциясы» негіз болды. Оның негізгі қағидаларына мыналар жатады:

- әуе кеңістігінің дербес құқығы;
- сыртқы шекараларды қорғау бойынша жан-жақты қызметтестік;
- дербестікті, территориялық тұтастықты және теңдікті өзара құрметтеу;
- әуе-ғарыштық шабуылдау құралдарының кіруі мүмкін барлық жағдайында әуе шабуылына қарсы қорғанысты салуды топтау және әуе шабуылына қарсы қорғаныстың шешуші міндеттерін, барлық күштер мен құралдарды кешенді пайдалану табылады.

Террорлық пен экстремистікпен күресті белсендіру аймақтық әскери достастықты нығайтуда көрінді. Бұл ТМД қатысушы-мемлекеттердің қорғаныс министрліктерінің қызметінде айқын көрініс табады. Орталық Азиядағы геосаяси жағдай белгілі дәрежеде аймақтың кейбір мемлекеттерінің, ал, жекелеп алғанда, біздің шығыс көршіміз — Қытайдың белсенділігін жоғарлатуын жеделдетті. Оның күшеюі, бір жағынан, Қытай батыс бөлігінің өмірлік маңызы бар қауіпсіздік сұрақтарын шешуге, ал, екінші жағынан, Орталық Азия мемлекеттерімен өте тығыз қызметтестікті, соның ішінде әскери саланы дамытуға бағытталғандығында болып отыр.

Осыған байланысты Достастықтың Шанхай ұйымының негізі Қазақстан, Қырғызстан, Ресей мен Тәжікстанның Сыртқы істер министрлігі орынбасарларының 1992 жылдың 8 қыркүйегіндегі кездесуінде негізі қаланды. Бұл күрделі міндеттерді іске асыруға Пекиндегі өзара кездесуде келісілген мәселелерді атқаруда төрт жыл кеткендігін айтпасқа болмайды. Біріккен қызметтің қорытындысы бойынша Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Қытай басшыларының 1996 жылғы 26 сәуірде Шанхай қаласында бірінші кездесуі болды. Оның нәтижесі «Шекара аудандарында әскери саладағы сенім шараларын нығайту туралы келісушілікке» қол қойылды. Соның барысында әлемдік саяси аренада «Шанхай бестігі» деген алғашқы атқа ие болған жаңа ұйым пайда болды. Қазақстанның мемлекет болып құрылуының бірінші кезеңінде ТМД, басқа да бірқатар елдері сияқты, өткір экономикалық және әлеуметтік мәселелермен ғана емес, сонымен бірге шекаралық сұрақтардың

шешу қажеттілігімен бетпе-бет келді. Бірінші кезекте Қытаймен, өйткені бұрынғы Кеңес Одағының басшылығы көптеген он жылдық ішінде бұл маңызды мәселені қандайда бір оң шешіміне жете алмады. Берілген сұрақты шешу үшін жалғыз ғана мүмкін жол — даулы мәселелерді консенсус негізінде және өзара мүдделерді есепке алумен бейбіт реттеу таңдалды.

1997 жылдың сәуірінде Мәскеудегі «бестіктің» екінші жиылысында ұйымға мүше жақтар «Шекара аудандарында Қарулы Күштерді өзара қысқарту туралы келісімге» қол қойды. Екі кездесу барысында қол жеткен келісушілік, Азиялық құрылықта даулы сұрақтарды бейбіт шешудің жағдайы жасалды. 1998 жылы наурыздағы Алматыдағы үшінші жиылыс қатысушы-мемлекеттер ұйымының басшылары кездесуі оның әрекет істей алатындығын және жақсы келешегін көрсете білді.

Мемлекеттердің қауіпсіздік мәселелерін әлемдік ауқымда бірлесіп шешу дұрыс екендігін тәжірибе көрсетті. Қауіпсіздіктің әр түрлі халықаралық құрылымдарымен тура байланыстарды орнату, соның ішінде САҰ-мен, Қазақстанның көп векторлы сыртқы саясатының принциптеріне сай келеді. «Бейбітшілік үшін ынтымақтастық» бағдарламасы шеңберінде САҰ мен ынтымақтастықты кеңейте түсу бойынша біздің республикамыздың нақты ұсыныстарына кадрларды дайындау мен әскери құрылыстарды тұрғызу жатады. Қазақстан қатарлас «Жоспарлау мен талдау процесіне» қатысуға (ПАРП) дайындығын дәлелдеді [9]. Еуро-Атлантық серіктестік СЕАП шеңберінде ынтымақтастық жалғасуда.

САҰ мен Қазақстан арасында байланыс орнатқан күннен бергі уақытта бірнеше жүз қазақстандық жауынгерлер «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы бойынша әр түрлі шаралар мен оқу жаттығуларға қатысты. Қорғаныс министрлігінің басшылығы өзінің тәжірибелік жұмысында бекітілген бағдарламалар шеңберінде САҰ-мен ынтымақтастықты дамытуға өте ерекше мән береді. Сарапшылар мен лауазымды тұлғалар, САҰ елдерінің әскери ведомстволарының өкілдері, Қазақстан Республикасы САҰ-мен ынтымақтастықты динамикалық дамытуы жүзеге асыруда.

Қазақстан Орталық Азияда бірінші және ТМД елдері ішінде алғашқылардың бірі болып САҰ «Жоспарлау мен талдау процесі» бағдарламасына қосылды және ынтымақтастықта қабылданған мақсаттарға белсенді араласуда.

Қазақстан Қорғаныс министрлігі САҰ мен Қарулы Күштердің ынтымақтастығын жалғастыра отырып, оны реформалау мақсатын іске асыруда. Осымен қатар Қазақстанның Жоспарлау мен талдау процесіне енуінен кейін ҚР Қорғаныс министрімен «Қазақстан Республикасы мен САҰ арасында техникалық қызмет көрсету мен қамтамасыз ету бойынша (NAMSО), материалды-техникалық қамтамасыз ету саласында серіктестік туралы өзара түсіністік меморандумына» қол қоюы одан арғы ынтымақтастықты дамытуда өте маңызды қадам болып табылады. Бүгінде оның бағыттарын іске асыру бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде.

Осылайша, «Жоспарлау мен талдау процесі» бағдарламасына Қазақстанның қатысуы САҰ процедураларымен сәйкес бола отырып, біркелкі және динамикалық дамушы сипатқа ие болып табылады. Ынтымақтастық жеке бағдарламасы (ҚЖБ) шеңберінде ҚР Қорғаныс министрлігі шараларды қарапайым жасақтаудан бас тартып, қаржылық мүмкіндіктерді және ағылшын тіліне ие болатын мамандардың болуын есепке алумен ынтымақтастық мақсатын тиімді іске асыру үшін қажетті нақты бағыттар бойынша өзінің іс-шара әрекетін жоспарлайды. Әскери және командалық-штабтық оқу жаттығуларда, оқу бағдарламаларында және семинарларда қазақстандық жауынгерлердің қатысуын кеңейте түседі. ҚР Ынтымақтастық бағдарламасына сәйкес әскери салада бірқатар шараларды жүзеге асырды.

Қазақстан «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарлама шеңберінде оқу жаттығуларға, «Combined Endeavor» және «Cooperative Osprey» оқу жаттығуларының тұрақты қатысушыларының бірі болып табылады. Мұнан өзге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен САҰ қатысушы-елдерінің қорғаныс ведомстволарымен екі және көп жақты байланыстар шеңберінде халықаралық бейбітшілік орнатушы оқу жаттығуларға қатысып келеді. Өткен жылдарда бірлескен қазақстандық-америкалық «Жәрдем» және «Баланс-Барс» оқу жаттығуы жүргізілді.

Қазбат бөлімшесінің АҚШ, Ұлыбритания және Түркия нұсқаушыларымен тұрақты негізде бірлескен жаттығулары өтуде. Ұлыбритания және АҚШ мобильдік күштері мен бөлімшелері қатысуымен антитеррорлық тақырыптағы үш елден 600 астам адам қатыстырумен «Дала қыраны-2003» тактикалық-арнайы оқу жаттығуы өткізілді. Бұл оқу жаттығуларда шет елдерінің жауынгерлерінің қатысуы бұл оқу жаттығуларында PFP-SOFA базалық келісушілік шеңберінде жүзеге асырылды.

Мұнан өзге серіктестік мақсатына қол жеткізу үшін қазақстандық әскери мамандарды АҚШ, Ұлыбритания, Түркияда САҰ қатысушы-елдерінде оқу мекемелерінде және әскери курстарында оқыту жұмыстары өткізілуде.

Оқытудан өткен барлық жауынгерлер келешекте САҰ мен серіктестік жұмысына пайдаланылатын болады. Ұзақ мерзімдік негізде Түркияның Қарулы Күштерінде мамандардың қатысуымен арнайы бөлімшелерді дайындау іске асырылады.

Әскери серіктестің шеңберінде өткізілген өсу үстінде келе жатқан шаралардың санын еске ала отырып, ҚР Қорғаныс министрлігінде қаржылық қорды жасау бойынша жұмыстар басталып, тиімді атқарылуда. Бұл еліміздің әскери саясатын жүзеге асыруда әскери ұйымдармен өзара серіктестік аясында үлкен ауқымды істерді жүзеге асыруға мүмкіндіктер ашады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Кужыбаев Б.* Геополитический аспект региональной безопасности: сотрудничество с целью обеспечения стабильности // Бағдар-Ориентир. — 2003. — № 1. — С. 52.
- 2 *Арынгазиева Э.А.* Борьба с коррупцией в Республике Казахстан. — Астана: Академия гос. службы при Президенте Республики Казахстан, 2005. — 322 с.
- 3 *Назарбаев Н.А.* Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. — Алма-Ата: Дәуір, 1992. — С. 56.
- 4 *Абусейтова М.Х.* Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII вв.: история, политика, дипломатия. — Алматы: Ғылым, 1998. — С. 321.
- 5 *Курматов Ю.Ш.* Договор о военном сотрудничестве — практическая реализация дружбы и добрососедства двух братских народов // Материалы первой казахстан.-рос. науч.-практ. конф. — Щучинск: Риск-Бизнес, 2004. — С. 83.
- 6 *Сатпаев Д.* Центральная Азия в объятиях экстремизма // Саясат. — 1999. — № 8. — С. 45.
- 7 Выступление Министра обороны РК М.К. Алтынбаева на встрече с офицерами Национального университета обороны. — 2005. — 12 сент.
- 8 *Романенко В.И.* Казахстан в системе коллективной безопасности стран СНГ. — М., 1998. — С. 26.
- 9 *Серикбаев К.С.* Военная безопасность страны: проблемы и перспективы военной реформы. — Алматы: Воен.-науч. центр, 2000. — 114 с.

К.С.Мусин

### **Военное сотрудничество Республики Казахстан с зарубежными странами в сфере обеспечения национальной безопасности**

В статье обосновывается, что формирование Казахстана как полноценного члена мирового сообщества после обретения независимости состоялось непосредственно благодаря государственной политике. Автор указывает на необходимость придерживаться многовекторной политики, отвечающей современным требованиям становления рыночной экономики. Вместе с тем определена необходимость международного сотрудничества в разных сферах для обеспечения национальной безопасности, совершенствования формирования Вооруженных Сил, обеспечения неприкосновенности и незыблемости территории и Государственной Границы страны.

K.S.Musin

### **Military cooperation of the Republic of Kazakhstan with foreign countries in national security**

The article explains that the formation of Kazakhstan as a full-fledged member of the world community after independence took place directly through public policy. The author points to the need to adhere to a multi-vector policy to meet the current requirements of the market economy. At the same time, the necessity of international cooperation in the various fields of national security, improve the formation of the armed forces, to ensure the integrity and inviolability of the territory and the border country

## References

- 1 Kuzhybayev B. *Geopolitical aspect of regional security: a cooperation for ensure stability* // Bagdar-Orientir, Almaty, 2003, № 1, p. 24–29.
- 2 Aryngaziyeva E.A. *Combating to corruption in the Republic of Kazakhstan*, Astana: The Academy of State Service under the President of the Republic Kazakhstan, 2005, 322 p.
- 3 Nazarbayev N.A. *Strategy formation and development of Kazakhstan as a sovereign state*, Almaty: Dayir, 1992, p. 56.
- 4 Abuseitova M.Kh. *The Kazakhstan and Central Asia in the XV–XVII centuries: history, politics and diplomations*, Almaty, Gylm, 1998, p. 321.
- 5 Kurmatov Yu.Sh. *Agreement on the military cooperation — the practical implementation of friendship and good neighborliness between the two fraternal peoples* // Collections of the First Kazakh-Russian scientific-practical conference, Shuchinsk: Risk Business, 2004, p. 83.
- 6 Satpayev D. *Central Asia in the arms of extremism* // Sayasat, 1999, № 8, p. 45.
- 7 *Statement by the Minister of Defense of the RK M.K. Altynbayev at a meeting with the officers of the National University of Defense.* —2005. — September, 12.
- 8 Romanenko V.I. *Kazakhstan in the CIS Collective Security*, Moscow, 1998, p. 26.
- 9 Serikbayev K.S. *Military security of the country: the problems and perespects of military reform*, Almaty: Military Research Center, 2000, p. 114.